



# ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

Тәңір ұғымының сыналуды





**Дәрістің мақсаты:** XIX ғасырдағы атеизмнің дамуы және оған поэзияның қарсыласуы туралы білу.

**Сабақтың негізгі терминдері:** романтизм, идеализм, кенозис, мінсіз адам, пролетариат.

**Құдайды сынаушылар.** Карл Маркс (1818–1885) дінді «езілгендердің ішкі қайшылығы... бұл ащыға төзімді қылған, халықтың апиыны» деп жариялады. Яхуди-христиан дәстүріне адал, мәсіхші тарих көзқарасын жақтағанымен, Тәңірді жарамсыз деп тапты. Тарихи процестен тыс мән, құндылық немесе мақсат жоқ. Демек Тәңір идеясының адамзатқа пайдасы жоқ. Атеизм – Тәңірді жоққа шығару да уақытты босқа өлтіру және кедей есігінде отырған кезде байдың вилласында отырған қоғамдық тәртіпті қолдау үшін үстем тап өкілдерінің жиі қолданғанына қарағанда, «Тәңір» марксист сыннан жәбір көре алар еді.

**Тәңір өлді ме?** Тарих бойы адамдар өздері үшін маңызын жоғалтқан кезде Тәңір идеясын аластап шыққан. Кейде бұл көне израильдіктердің, кенғандықтардың киелі жерлерін жойғаны немесе пайғамбарларының мәжуси көршілерінің тәңірлеріне тіл тигізген кездегідей ауыр иконоклассицизм сипатына ие болған.

1882 жылы Фридрих Ницше Тәңірдің өлгенін жариялаған кезде дәл осылай қатал тактикаға жүгінді. Бұл алапат хабарды жынды адам жайлы хикаясында жеткізді. Ол базарда айқайлап, «Тәңірді іздеймін! Тәңірді іздеймін» деп жүгіріп жүр еді. Тәкаппар тобыр «Тәңір қайда кетті?» деп сұрағанда, яғни «қашты ма, жоқ әлде көшіп кетті ме?» дегенде, жынды көздерін оларға қадап тұрып, «Тәңір қайда кетер дейсің?» деп ақырады.

**Психоаналитика.** Зигмунд Фрейд (1856–1939) Тәңір сенімін бір алдамшы қағида деп санады. Оны кемел адамдар бір шетке тастайтыны күмәнсіз. Тәңір идеясы жалған емес. Бірақ психологияда шешімін табатын түпсананың бір ойыны ғана. Адамдық тәңір ұлық баба бейнесінен басқа ештеңе де емес. Мұндай тәңірді қалау, әділет, шыншылдық пен тіршіліктің осылай жалғасуы үшін күшті, қорғаушы әкеге деген балалық сағыныштан бастау алған. Қиындыққа төзу сезімімен адамдар тарапынан қорқытылған және табынылған Тәңір бұл қалаудың бір көрінісі ғана.

**Тәңірдің орнына «кемел адам».** Иқбал Ницше сияқты Батыс философтарындағы дербестік қағидасын маңызды деп санады. Барша ғалам субъектінің ең ұлық түрі, адамдар «Тәңір» деп атайтын Жаратушының өкілі. Өзінің дербес сипатын түсіну үшін әр адам Тәңірге ұқсауға барынша тырысуы керек. Мұның мәні әркімнің барынша дербес, барынша қабілетті болуы және бұл қасиетін әрекетке айналдыруын білдіреді.

Романтизм – XVIII–XIX ғғ. аумағындағы Еуропа және Америкадағы әдебиет пен өнердегі бағыт, Ағартушылық пен рационализмге қарсы тұра отырып көнені, табиғатты шабыттандыру бастауы ретінде, шығармашылық тұлғаны, жиі күресті, күшті сезімдерді жырлады.

Идеализм – (грек. идея) рух, сана объективті дүниенің бастауы, ал материя, рухтың көрінісі, табиғат, физикалық-екінші деп тұжырымдайтын философиялық ілімнің жалпы белгісі. Материализмге қарама-қарсы.

Кенозис (грек. қаңырау, азу) – христиан теологиясының термині, онымен әлемге Құдайдың түсу актісін бейнелейді, өз еркімен өз даңқын шектеп, жерлік болмыстың шарттарын қабылдау.

Мінсіз адам – басқа адамдардан рухани және физикалық тұрғыда өлшеусіз жоғары тұрған адамды бейнелейтін Еуропа философиясы мен мәдениетіндегі түсінік. Адам Ницше пікірі бойынша, бұл мінсіз адамға жол немесе көпір. Өзіндегі хайуандық бастауды тежеп және еркіндік атмосферасында өмір сүрген, бұл сөздің толық мәнінде адам.

Романтизм – XVIII–XIX ғғ. аумағындағы Еуропа және Америкадағы әдебиет пен өнердегі бағыт, Ағартушылық пен рационализмге қарсы тұра отырып көнені, табиғатты шабыттандыру бастауы ретінде, шығармашылық тұлғаны, жиі күресті, күшті сезімдерді жырлады.

Пролетариат (лат. proletarius сөзбе-сөз аудармасы «ұрпақ беруші») – жекемешік жері, капиталы, өндіріс құралдары жоқ, жалдамалы жұмыс ол үшін бірден-бір күнкөріс көзі болып табылатын әлеуметтік тап.



### Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Адамс бойынша «табиғаттан тыс табиғилық» деген не?
  2. Ақын У. Блейк Құдайға қалай қарады?
  3. А. Теннисонның «In Memoriam» өлеңінің мәні неде?
  4. «Дін – халықтың басын айналдыратын апиын» сөзінің толық мағынасы қандай? Ол
- К. Маркстің дінге қарсы көзқарасын білдіре ме?
5. Ч. Дарвин дінге қалай қарады? Оның түрлердің шығу теориясы дінге қарсы келе ме?
  6. Ницшенің мінсіз адамы керемет түсінік пе? Әлде ғұламаның ақылсыздығы ма?

### Бақылау сұрақтары

1. Романтизм деген не? Романтиктер неге қарсы шықты?
2. Л. Фейербах бойынша Құдайдың мәні неде?
3. Г.Ф. Гегель бойынша әлемдік тарихты кім айқындайды?